



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 9,75%-ға дейін төмендету туралы

2018 жылғы 15 қаңтар

Алматы қ.

Ұлттық Банк +/-1% ауытқу дәлізімен базалық мөлшерлемені 9,75%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Базалық мөлшерлемені төмендету туралы шешім 2017 жылдың қорытындысы бойынша инфляция деңгейінің болжанған деңгеймен салыстырғанда айтарлықтай төмен нақты деңгейіне, инфляциялық процестер одан әрі баяулайды деген бағаларға, ішкі сұраныстың әлсіз қалпына келуінің сақталуына, сондай-ақ сыртқы нарықтардағы үрдістердің қолайлы болуына байланысты.

Ақша-кредит талаптарын жұмсартуға деген одан арғы үрдіс әлемдік нарықтардағы және сауда әріптес елдердегі жағдайларға, отандық экономикада инфляцияның болжамды және нақты траекториясының сәйкестігін айқындайтын жағымды үрдістердің орнығуына байланысты болады.

Жылдық инфляция 2017 жылғы желтоқсанда 7,1% құрады, бұл біз күткен 7,5-7,7%-дан айтарлықтай төмен. Инфляцияның баяулауы жекелеген тауарлар мен қызметтер нарығындағы, атап айтқанда азық-түлікке жатпайтын тауарлар нарықтарындағы бағаларының тұрақтануына байланысты. Бензин бағасының күзгі айлардағы өсуінен кейін 2017 жылғы желтоқсанда ол төмендеді. Төмен тұтынушылық сұраныс аясында ұзақ пайдаланылатын тауарлар бағасының баяу өсуі байқалады. Азық-түлік тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасының өсуі тарихи серпінді көрсетіп, болжамға сәйкес келді. Теңгенің айырбастау бағамының төмен құбылмалылығы да жылдық инфляцияның баяулауына оң үлес қосты.

Орта мерзімді кезеңде (яғни жыл соңына дейін және келесі жылы) дезинфляциялық үрдістер сақталады деп күтеміз, алайда қысқа мерзімді кезеңде (2018 жылғы 1-тоқсанда) монополист кәсіпорындардың ақылы қызметтерінің тарифтері жылдық инфляция деңгейін сақтау немесе тіпті аздап көтеру үшін ауқымды тәуекел болады. Соған қарамастан, олардың инфляцияға әсері шектеулі әрі ақша-кредит талаптарын қатаңдату жөнінде түзетуші шаралар қабылдауды талап ететін деңгейде деп

бағаланады, себебі инфляция тәуекелдері Ұлттық Банктің саясатына тәуелді емес ұсыныс жағында іске асырылуы мүмкін.

Халықтың бағаның өзгеруін қабылдауы жақсаруда. 2017 жылы халыққа пікіртерім жүргізу нәтижелері бойынша бағалар соңғы 12 айда бұрынғыға қарағанда жылдамырақ өсті деп санайтындардың үлесі 2016 жылғы желтоқсандағы 59,8%-дан 2017 жылғы желтоқсанда 52,1%-ға дейін төмендеді. Халықтың инфляциялық күтулерінің бір жыл алға жасалған сандық тұрғыдан бағасы 2016 жылғы желтоқсандағы 7,6%-дан 2017 жылғы желтоқсанда 7,1%-ға дейін төмендеді.

Сұраныс тарапынан халықтың нақты кірістерінің төмендеуіне байланысты түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстардың өсуінің баяулауы байқалуда, бұл да тұтыну бағаларының өсуін шектейтін болады.

Сыртқы талаптар қолайлы қалыптасуда. Қазанның соңынан бері мұнай бағасы тұрақты түрде бір баррель үшін 60 доллардан жоғары деңгейде қалыптасып отыр. ОПЕК+ елдерінің 2017 жылғы қарашаның соңында қолданыстағы квоталарды сақтай отырып мұнай өндіруді қысқарту туралы уағдаластықты 2018 жылдың соңына дейін ұзартуы бағалардың айтарлықтай төмендеу ықтималдығын төмендетеді. Сонымен бірге азық-түліктің әлемдік бағаларының индексі желтоқсанда өткен аймен салыстырғанда 3,3%-ға дейін төмендеді, ал ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген нарықтардағы өндірісінің өсуін күту 2018 жылы бағалардың тиісті деңгейде сақталуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге экономикалық ахуалдың жақсаруы байқалады және негізгі сауда әріптес елдердегі инфляцияның қалыпты қарқыны басқа факторлармен бірлесіп Қазақстандағы тұтыну бағаларына дезинфляциялық ықпал етеді.

Базалық мөлшерлеменің төмендеуіне қарамастан, **ақша-кредит талаптары** инфляция деңгейінің күтілетін төмендеуінің аясында бейтарап күйде сақталуда. Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі нақты көрсетуде инфляция бойынша 2018 жылға арналған нысаналы бағдарға (5-7%) қол жеткізуді қамтамасыз етеді және экономиканың ұзақ мерзімді әлеуетті өсуіне сәйкес келеді.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2018 жылғы 5 наурызда Астана уақытымен сағат 17:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz